

**"Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 заң күші бар Жарлығына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қаңтардағы N 93 қаулысы

**Ескерту. Заң жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінен қайтарып алынсын - ҚР Үкіметінің 2004.06.28. N 713 қаулысымен .**

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 заң күші бар Жарлығына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

жоба

**"Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 заң күші бар Жарлығына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы**

"Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 164-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 2, 183-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 23, 429-құжат; 1999 ж., N 22, 789-құжат; N 23, 916-құжат; 2001 ж., N 10, 126-құжат; 2002 ж., N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 11, 71-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

18-бап мынадай мазмұндағы 13) тармақшамен толықтырылсын:

"13) азық-түлік және ауыл шаруашылығы тауарларын сатып алу және сату жөніндегі коммуналдық сауда рыноктарының жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қызметті жүзеге асыру."

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*